



КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТ АТА-АНАЛАРҒА КЕҢЕСТЕР



ОЙЫН – мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының дамуына ықпал ететін тәрбие құралы. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып, жақсы ұғысады, бір – біріне ептілікке үйренеді. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, олардың мінез – құлқының, қалыптасу құралы деп те ерекше бағалаған.



Ойын: «Қолынан таны»

Мақсаты: бала мен ата-ана арасындағы жағымды қарым-қатынасты орнату.



Нұсқау: ата-аналардың көзін орамалмен байлап, бір топ баланың ішінен өз баласын қолынан ұстап, анықтап, табуы керек.



«Ойыншықты тап»

Мақсаты: Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.

Көрнекілік: Топтағы ойыншық.

Ойынның мазмұны: Тәрбиеші ойыншықты тығып қойып, бір баланы тақтаға шақырады. Тәрбиеші нұсқауымен, мысалы: 1 адым алдыға оңға бұрыл, 2 адым алдыға тура жүр деп ойыншыққа дейінгі жолды айтып отырады. Бала айтылған нұсқаумен дұрыс жүріп отырса, ойыншықты табады.





«Толықтыр»

Мен баламын,
Айтқан тілді
..... аулақ боп,
..... бала боламын.

Керекті сөздер:
ұқыпты, аламын,
салақтықтан, жақсы





Дидактикалық ойын: «Жақсы, жаман»

Ойын шарты:

Балаларға «тісті тазалау, алманы жумай жеу» т.с.с. сөздер айтылады. «Жақсы» деген жауап берсе қолдарын соғады, «жаман» деген жауап берсе аяқтарын жерге ұрады.

